

Бұл «Ағылшын тілі» білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады.

«Ағылшын тілі» білім беру бағдарламасы (БББ) оқу орындарында (мектептер, колледждер, гимназиялар) ағылшын тілін оқытуға маманданғысы келетін оқытушыларға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы. БББ 60 кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 кредит міндетті компоненттен және 124 кредит пәндік компоненттен (8 академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

БББ әр түрлі тұрпаттағы мектептерде (шағын қамтылған, жалпы білім беретін, инновациялық, ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын және басқа мектептерде) кішіден жоғарыға дейінгі білім берудің барлық деңгейінде жұмыс істей алатын, STEM және CLIL, халықаралық тіл ретінде ағылшын тілі, аралық тіл ретінде ағылшын тілі және т.б. сынды шет тілін оқытудың заманауи технологиялары мен негізді әдістеріне ие, ағылшын тілі мұғалімін жан-жақты және жете дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған. Осы БББ шеңберінде ағылшын тілі мұғалімінің тілдік құзыреттілігі мен кәсіби деңгейі мектепте ағылшын тілін тиімді оқытуды қамтамасыз етеді, бұл Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатының мектепте білім беруден бастап (Қазақстанда үштілділікті дамыту) басымдықтарын шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы БББ бойынша дайындықтан өткен мұғалімдер CLIL жаттықтырушысының қосымша біліктілігін алады, дәстүрлі және қашықтықтан оқыту нысанында жұмыс істеу дағдыларына ие, бұл болашақта олардың кәсіби ауқымын кеңейтеді.

Пәндік компонент 6 модульден тұрады: «Ағылшын тілінің негізгі теориясы», «Шетел тілін оқытудың әдістері мен технологиялары», «Ағылшын тілін оқытудың біріктірілген арнайы технологиялары», «Тіл, мәдениет, коммуникация», «Кәсіби саладағы ағылшын тілі» және «Кәсіби қорытынды модуль».

БББ болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттылық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық дескрипторларына сәйкес келеді.

БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, бағдарлама болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын

және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.